

Бекітемін

Мектеп директоры: *Аманжол* Д.Х.Еспанова

«*06*» *09*

2023 жыл



**Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
психологиялық қызметі бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған  
жылдық жұмыс жоспары**

**Мектеп психологтары: Б.А. Дабылова, Г.К. Туребекова**

Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ағалардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

3: Психологиялық қызметтің жұмысы:

1) бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде - оқылудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

### **Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі**

7. Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі:

1) бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтардан (бұдан әрі - білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

3) білім алушылар және тәрбиеленушілермен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

4) әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы тандауына жағдай жасауды қамтиды.

8. Психологиялық қызметтің жұмысы:

1) кәсіптік әдепті сақтауды;

2) баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсетуді;

3) білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшеліктерін;

4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялауды;

5) баланың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтардың денсаулығына, ар-намысы мен кадр-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбауды;

7) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде сүйемелдеудің ғылыми, кешенділігін, бірізділігін, кезеңділігін және үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асырылады.

9. Педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктерін мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.

2) консультациялық бағыт білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; білім беру процесіне қатысушыларға тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты проблемаларды шешуде жеке және топтық қызметті көздейді;

3) дамытушы (түзету) бағыт білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен икемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оқу қиындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылы негізінде оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және (немесе) физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды ;

4) психологиялық-педагогикалық ағарту ісі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтарды болдырмау мақсатында алдағы уақытты алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу);

5) ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді әзірлеу; орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру және өткізуді көздейді.

**2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологтардың жылдық жұмыс жоспары**

р/с	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1	Психологиялық жұмыс жүргізуге ата – анасынан келісім алу			Қыркүйек		Сынып жетекшілер, мектеп директоры	
2	Сыныптардағы аутодеструктивті мінез – құлық танытатын оқушыларды анықтау	Диагностикалау	2-11 сынып	Қыркүйек	Анықтама		Директор жанындағы кеңес
3	«Басалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур)	Диагностикалау	1-11 сыныптар	Қыркүйек	Анықтама		МІБ
4	Басса-Дарки сұрақнамасы	Диагностикалау	9-11 сыныптар	Қыркүйек	Анықтама		МІБ
5	Мектептік мотивация әдістемесі Н.Г.Лусканова	Диагностикалау	5, 10 кл	Қыркүйек	Хаттама №		МІБ
6	Керн - Йирасек әдістемесі	Диагностикалау	1-сыныптар	Қыркүйек	Хаттама №		МІБ
7	Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау Темпераментті анықтау сауалнамасы	Диагностикалау	5-11 сынып	Қазан	Хаттама №		
8	«Галамторға және компьютерлі ойындарға тәуелділікті анықтау» тест сұрақнамасы	Диагностикалау	6-10 сынып	Қазан	Хаттама №		
9	Дасс сауалнамасы	Диагностикалау	9-11 сынып	Қазан	Анықтама		МІБ
10	Зунге сауалнамасы	Диагностикалау	6-8 сынып	Қараша			
11	«Ағаш» тесті Л.П.Пономаренко	Диагностикалау	5 сынып	Қараша			
12	З.Королеваның «Сіздің суицидалды бейімділігіңіз» аяқталмаған сурет әдістемесі	Диагностикалау	Қажетіне қарай	Қараша	Анықтама		
13	Қарым-қатынас деңгейін анықтау сауалнамасы	Диагностикалау	Пед.ұжым	Қараша	Анықтама		
14	Бастауыш сынып оқушыларының танымдықпроцестерін диагностикалау және түзету дамыту жаттығуларын жүргізу Зейінді дамыту және түзету «Графикалық диктант» Ес процесін дамыту және түзету «Сөздер жұбы» Ойлау процесін дамыту және түзету «Не артық?»	Диагностикалау	1-4 сыныптар	Желтоқсан	Анықтама		

15	«Пәнге көзқарас» әдістемесі	Диагностикалау	5-11 сыныптар	Желтоқсан	Анықтама		
16	Социометрия (Дж.Морено)	Диагностикалау	5-11 сыныптар	Желтоқсан	Анықтама		МІБ
17	Голланд әдістемесі	Диагностикалау	9,11 кл	Желтоқсан	Хағтама №		
18	Ақыл-ойдың даму деңгейін бағалау( Д.Векслер)	Диагностикалау	1 сыныптар	Қаңтар	Хағтама №		
19	ШТУР әдістемесі	Диагностикалау	10 сыныптар	Қаңтар	Анықтама		
20	Басса-Дарки сұрақнамасы	Диагностикалау	9-11 сыныптар	Қаңтар	Анықтама		
21	Стресске төзімділікті зерттеу сауалнамасы	Диагностикалау	Пед.ұжым	Ақпан	Хағтама №		
22	Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жабандық қызмет ету)	Диагностикалау	5-7 сынып	Ақпан	Хағтама №		МІБ
23	Даярлық топ оқушыларының 1 класка дайындық деңгейін анықтау	Диагностикалау	Даярлық топ	Сәуір	Хағтама №		МІБ
24	4 сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығуларын жүргізу Зейінді дамыту және түзету «Графикалық диктант» Ес процесін дамыту және түзету «Сөздер жұбы» Ойлау процесін дамыту және түзету «Не артық?»	Диагностикалау	4 сынып	Сәуір			МІБ
25	Құқық бұзушылық, қысым көрсетудің алдын алу	Диагностикалау	6-11 сыныптар	Жыл бойы	Анықтама	Мектеп психологтары ДТІЖО Әлеуметтік педагог Класс жетекшілері.	Анықтама
26	Буллингтің және кибербуллингтен қорғаудың, бопсалау, әлімжетіктің алдын алу	Диагностикалау	6-11 сыныптар	Жыл бойы	Анықтама		
27	Зорлық зомбылықтың алдын алу (тұрмыстық)	Диагностикалау	6-11 сыныптар	Жыл бойы	Анықтама		
28	«Жасы кәметке толмағандардың еркіне қол сұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу»	Диагностикалау	9-10-11 сынып	Жыл бойы	Анықтама		
1	«Тіімді қарым – қатынас жасау	Түзету - дамыту	Пед. ұжым	Қараша	Анықтама		

	психотехникалары»	<b>жұмысы</b>					
2	«Емтихан» іскерлік ойын	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	10 сынып	Қараша	Анықтама		
3	«Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингтік жаттығу	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	5 сынып	Қараша	Анықтама		
4	Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	4 сынып	Сәуір	Анықтама		
5	Логикалық жаттығулар жиынтығы(бузма) «Есті дамытуға арналған ойындар»	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	5-7 сыныптар	Қаңтар	Анықтама		
6	Агрессияға қарсы жаттығулар Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары «Ертегі терапиясы» Медитация жаттығулары мен релаксация «Арт-терапия»	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	5-6 сыныптар 7-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қазан Қараша Желтоқсан	Анықтама		
7	«Біз кереметпіз!»	<b>Түзету - дамыту жұмысы</b>	Пед.ұжым	Ақпан	Анықтама		
8	Әлеуметтік желілер: мифтер мен шындық. Ата-ана мен бала қарым-қатынасының мәселелері. Жасөспірімнің қарым-қатынасы. Кәмелетке толмағандардың суицидтік (ауто-деструктивті) мінез-құлқының алдын алу. Жалпы ата-аналар жиналысы	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	Ата-аналарға	Жыл бойы	Анықтама	Мектеп әкімшілігі	
9	«Менің отбасым – менің тірегім» Жалпы Республикалық отбасы күніне орай қайырымдылық акциясы	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	ЕБҚЕ оқушылар мен ата-аналар	Қыркүйек	Анықтама	Мектеп психологтары, ДТЖО, дефектолог	
10	« Жүректі жылытар мейірімділік» коуч-семинар	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	ЕБҚЕ оқушылармен және олардың ата-аналарымен	Желтоқсан	Анықтама	Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, дефектолог	

11	Мектеп оқушылары үшін сыбайлас жемқорлықтың қауіп-қатері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәсілдері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы әңгіме жүргізу, тренинг жаттығулары.	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>		Қаңтар	Анықтама	Мектеп психологтары
12	«Бәріміз біргеміз» тимбилдинг	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	ЕБҚЕ оқушылармен және олардың ата-аналарымен	Наурыз	Анықтама	Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, дефектолог
13	«Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу» жасөспірім қыздарға арналған тренинг	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	9-11 сынып қыздары	Жыл бойы	Анықтама	
14	«Мен өмірді сүйемін»	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	9-11 сынып	Ақпан	Анықтама	
15	1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімделу жағдайын бақылау	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	1, 5, 10 сыныптар	Қыркүйек Қазан	Мәлімет	Директор жанындағы кеңес
16	Қорытынды аттестаттауға және емтиханға дайындық бойынша психологиялық алдын алу мен ағарту, кеңес жүргізу 1. «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»; 2. «Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?»; 3. «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»; 4. «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік». 5. Тренинг «ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау». ҰБТ-ға дайындық бойынша психологиялық кеңес	<b>Профилактика және психологиялық ағарту</b>	9-10-11 сыныптар	Қазан - мамыр	Анықтама	

1	Оқушыларға психологиялық тұрғыда кеңес беру	<b>Консультация беру</b>	1-11 сыныптар	Жыл бойы	Анықтама	
2	Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы мәселесі «Мен өмірді таңдаймын»	<b>Консультация беру</b>	8-10 сыныптар	Қараша Ақпан	Анықтама	
3	Жеткіншектерге психологиялық кеңес «Жеткіншектік өмірдегі агрессия»	<b>Консультация беру</b>	7-8 сыныптар	Қаңтар	Анықтама	
4	«Жанұяда балаға зорлық-зомбылық болмасын!»	<b>Консультация беру</b>	Ата-аналарға	Қараша	Анықтама	
5	«Менің өзгерістерім» "Мен және менің ортам" "Менің бақытты отбасым»	<b>Консультация беру</b>	Дарынды оқушы, әр түрлі санаттағы оқушылар	Желтоқсан, Қаңтар Ақпан	Анықтама	
6	TIMSS, PIRLS, PISA оқушыларды қорытынды аттестациялауға дайындаудың педагогикалық – психологиялық жолдары	<b>Консультация беру</b>	Педагогтарға, ата-аналарға, оқушыларға	Қаңтар Ақпан Наурыз	Анықтама	
7	Ақпан айы – психологиялық кеңес беру айлығы	<b>Консультация беру</b>	Оқушылар Ата – аналар Мұғалімдер	Ақпан	Анықтама	
8	Оқушыларға стрессті, қақтығыстық, эмоционалдық уайымдарда психологиялық қолдау көрсету	<b>Консультация беру</b>	Үйде оқытылатын инк оқушылар	Наурыз	Анықтама	
9	Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ге байланысты кеңес беру, жаднамалар тарату	<b>Консультация беру</b>	TIMSS, PIRLS, PISA, үлгерімі төмен, дарынды оқушылар	Наурыз Сәуір	Анықтама	
10	Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға психологиялық көмек көрсету	<b>Консультация беру</b>	Ата – ана пед. ұжым оқушылар	Сәуір	Анықтама	
11	Ата-аналарға компьютерге тәуелділіктің алдын алу бойынша ұсыныстар	<b>Консультация беру</b>	Ата -аналар	Қыркүйек	Анықтама	Мектеп психологтары, ДТІЖО, әлеуметтік педагог
1	Денсаулық сақтау, ІІМ, ТЖ бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен жұмыс	<b>Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт</b>	Кездесу	Жыл бойы		



2	Жеке әдістемелік жұмысқа дайындалу	Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт	Өз білімін көтеру	Жыл бойы		
3	Мектептегі «Сенім жәшігін», «Сенім телефонын» ұйымдастыру жұмыстары	Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт	Ақт жасау	Жыл бойы		
1	Жүргізілген сауалнаманың диагностикасына мониторинг жүргізу			1 жарты жылдық бойынша		Мәлімет
2	Мектептегі психологиялық қызметтің атқарылған жұмыстары бойынша есебі			Жыл бойы		Қорытынды есеп беру

## Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметі бойынша жүргізілген жұмыстардың жарты жылдық талдау есебі 2023-2024 оқу жылы

**Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сәйкес негізделген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығына негізделіп жасалған

### **Міндеттері:**

\*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

\*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

\*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.


Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

11 қыркүйек Жалпы Республикалық отбасы күніне орай ЕБҚЕ оқушылар мен олардың ата-аналарына «Менің отбасым -менің тірегім» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Қатысушыларға Сәндібекова Айару ән шашуын арнады.

Барлық қатысушылар қолдарындағы қағазды, әуен ырғағымен билетіп « Қағазды оркестр» тренинг жаттығуын бірге орындады.

Ұстазы Раушан және Қайсар мен Жанзира «Алғыс» әнін орындап, жылы лебіздерін білдірді.

Отбасы — әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оны мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым — қатынаста болу керек сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, бір - бірімізді құрметтеп, күліп, көңілді жүрейік. Акция соңында көңілді би терапиясы бірге орындалды .





Қыркүйек айының 2 аптасыннан бастап 9-11 класс оқушыларынан «Басса-Дарки» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Барлығы: 116 оқушы қатысты.

Барлық оқушыда қастандық және агрессия өлшемдері қалыпты жағдайды көрсетті

Қыркүйек –қазан айлары 1,5,10 класс оқушыларының мектепке бейімделуіне, оқу мотивациясын зерттеуге бағытталған диагностикалар мен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

1-11 класс оқушыларынан өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур) алынып, нәтижесі шығарылды.



1,5,10 класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейлері алынып нәтижесі шығарылып хаттамалары толтырылып отырылды. 1 класс оқушыларынан «Керн - Ирасек» тесті, 5,10 класс оқушыларынан Н.Г.Лускановтың Мектептік мотивация әдістемесі алынды. Диагностикалық жұмысқа 1 кластан - 51 және 5кластан – 52, 10 кластан-36 оқушы қатысты.


1 класс бойынша мектепке бейімделген 34 оқушы, оқу мотивациясы жағымды-16, мектепке бейімделуі төмен деңгейде 1 оқушы анықталды.

5 класс бойынша оқу мотивациясы жоғары- 42 оқушы, оқу мотивациясы жағымды- 7, төмен деңгейде- 3 оқушы анықталды.

10 класс бойынша оқу мотивациясы жоғары- 8 оқушы, оқу мотивациясы жағымды- 28, төмен деңгейде-0 оқушы анықталды.

Әрбір оқушыға жеке немесе топтық психологиялық қолдау көрсету мақсатында 5 класс оқушыларына «Бірінші рет 5 сыныпқа» психологиялық акциясы ұйымдастырылды



Мақсаты: оқушыларды ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру әрекетін үйрету; Қарым – қатынас дағдылары дамыту және көңіл-күйлерін көтеру;





Есте сақтау мен зейіннің шоғырлануын анықтау мақсатында 5 класс оқушыларынан диагностика алынды. Диагностика қорытындысы шығарылдып хаттамалар толтырылды. Нәтижесінде жоғарғы деңгей 8 оқушы, орташа деңгей 39 оқушы және төмен деңгейде 5 оқушы анықталды




Мультфильм арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, бір-біріне деген шынайы достық қарым қатынастарын нығайту мақсатында 5 класс оқушыларына «Кірпі» мультфильмі көрсетілді.






Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірімен кері байланыс орнатты.

Қазан айында оқушылардың темперамент типін ерекшелігін анықтау мақсатында 5-11 класс аралығында темперамент тесті алынып, интерпритациясы шығарылып, хаттама толтырылды.





Оқушыларға буллинг және зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, кері әсерлерін түсіндіру.

Ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орната білуге үйрету мақсатында «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді



## II. «Кім жылдам» ойыны





Оқушылардан депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау мақсатында 9-11 класс аралығында DASS сауалнамасы алынды. Барлығы 116 оқушы қатысты.

Нәтижесінде: Депрессия, мазасыздану, стресс шкаласы бойынша ауыр, аса ауыр оқушылар анықталған жоқ.

Жасөспірімдерге «Біз буллингке қарсымыз!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

#### «Буллинг» тақырыбында презентациямен таныстыру



Қараша айында депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды зерттеу мақсатында 6-8 класс оқушыларынан «Зунге сауалнамасы» алынды. Барлығы 153 оқушы қатысты. Оқушыларда депрессиясыз күй анықталды.

5 кластан бейімделу процесінің ерекшеліктерін және баланың ықтимал проблемаларын анықтау мақсатында «Ағаш» суреттік тесті (Л.П.Пономаренко) алынды. Тестке 52 оқушы қатысты. Оқушыларға адамның ішкі жағдайы, көңіл-күйі өзгермелі, көңіл –күйдің түсуі уақытша болатындығы ескертілді.

«Тиімді қарым-қатынас жасау психотехникалары» тақырыбында педагогтар арасында қарым- қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін еркін сезінуге көмектесу мақсатында тренинг жүргізіліп, сауалнама алынды.

Тренинг барысында әріптестер белсене араласып, өз ойларымен бөлісті



### **В.Ф.Ряховскийдің «Қарым – қатынас компетенттілігін анықтауға арналған»**

**сауалнама мақсаты:** тұлғаның кәсіби маңызды ерекшеліктерін анықтауда қарым – қатынас негізгі саты болғандықтан, мұғалімдердің кәсіби күтуі мен іс – әрекет потенциалын анықтау, кәсіби және жеке тұлғалық дамудың перспективаларын және адамның коммуникативтілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

30-32 ұпай: Сіздің коммуникативтілік деңгейіңіз төмен, бұл сіздің ауыртпалығыңыз, өйткені бұдан сіз ғана зардап шегесіз. Бірақта сіздің қоршаған ортанызда бұл оңайлыққа түспейді. Топтық жұмысты қажет ететін істе сізге сенудің қажеті жоқ. Өзіңізді қолда ұстауға және қарым – қатынасқа түсуге үйреніңіз.

25-29 ұпай: Сіз тұйықсыз, сөйлеуге бейім емессіз, жалғыздықты қалайсыз, сондықтан да сізді қоршайтын адамдар өте аз. Жаңа жұмыс және жаңа байланыстар сізді мазасыздыққа әкеліп, өз қалпыңыздан көп уақытқа шығарады. Мұндай адамдар өзіне және қоршағандарға қанағаттанбайды. Осымен тоқтап қалмаңыз, бұл қасиеттерді жеңуге мүмкіндіктеріңіз бар. Кей сәттерде сізде толық коммуникативтілік пайда болады. Сондықтан да сізге сілкініс қажет.


19-24 ұпай: Сіз қарым – қатынасқа оңай түсесіз және жаңа жағдайларда өзіңізді толық сенімді ұстайсыз. Жаңа сәтсіздіктер сізді шошытпайды. Сонда да жаңа адамдар мен тіл табысуда біраз қиналасыз, пікірталастарда және қақтығыстық жағдайларда көп қатыспайсыз. Сіздің пікірлеріңізде кей уақытта сарказм көптігі байқалады. Бұл жетіспеушілікті түзету мүмкін.

14-18 ұпай: Сізде орташа коммуникативтілік. Сіз білім сүйгіш, қызықты тілдесіңізді тыңдауға бейім, қарым – қатынаста шыдамды, өз көз қарасыңызды ызаланусыз жеткізе аласыз. Таным емес адамдармен кездесуге уайымсыз барасыз, бірақта шулы топтарды ұнатпайсыз. Экстровагантты қимылдар және көп сөздер сізді тітіркенушілікке әкеледі. [28, б.46-47].

9-13 ұпай: Сіз қарым-қатынасты адамсыз. Әртүрлі сұрақтар бойынша пікір айтуға әзірсіз, кейде қоршаған адамдар ызаланулары да мүмкін. Зейін орталығында болуды ұнатасыз. Орындай алмасаңызда ешкімнің сұраныстарына қарсылық білдірмейсіз. Тез ашуланып, тез қайтасыз. Сізге жетіспейтін бірізділік, шыдамдылық және күрделі мәселелерді шешуде өжеттілік. Бірақ, айтқаныңыздан қайтпайтын сәттеріңізде болады.

4-8 ұпай: Сіз, өте өрен адамсыз. Қарым – қатынасқа түсушілігіңіз өте жоғары. Сіз үнемі бәрінен хабардарсыз. Сіз кез – келген пікірталастарға қатысасыз, бірақта қиын тақырыптар сізді мазасыздандырады. Кез – келген сұрақ бойынша жанама мәлімет білсеңізде, сөз аласыз. Кез – келген жерде өзіңізді қолайлы ұстайсыз. Кез-келген әрекетті сәтсіз аяқталса да қолыңызға аласыз. Сондықтан да әріптестеріңіз және басшыңыз сізге сенімсіздікпен қарайды. Осы жайт жайлы ойланыңыз.

3 және одан төмен ұпай: Сіздің коммуникативтілігіңіз ауру сипатқа ие. Сіз көп сөйлейсіз, өзіңізге мүлдем қатысы жоқ істерге араласасыз. Сіздің қоршауыңыздағы қақтығыстың қайнар көзі сіз болып табыласыз. Тез ренжисіз, ызаланғышсыз. Маңызды жұмыстар – сіз үшін емес. Адамдарға- жұмыста, үйде және барлық жерде сізбен күрделі. Сізге өзіңізбен және мінезіңізбен жұмыс жасау керек. Ең бастысы өзіңізде шыдамдылық пен белсенділікті, басқаларды сыйлай білуді тәрбиелеуіңіз қажет.



Желтоқсан айында 5-11 класс аралығында оқушылардың әр пәнге байланысты эмоционалды көңіл күйін анықтау мақсатында «Пәндер рейтингі» әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды. Барлығы 323 оқушы қатысты.

5-11 класс білім алушылардың топтағы орнын анықтау, топтық қарым қатынасты зерттеу мақсатында Дж. Морено ұсынған «Социометрия» әдістемесі алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша лидер- 25 оқушы, лидерлік қабілет байқалады- 155, аз таңдау алған-125, оқшауланған- 17 оқушы анықталды. Оқшауланған оқушыларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп ортаға тартылды.

**Мақсаты:** топты ортақ мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге бағыттау, әр түрлі жағдайларда тиімді шешімдер қабылдай алатын дағдыларды дамыту, командадағы рөлдер мен міндеттерді өзара тиімді бөлісе алуға үйрету, конструктивті қарым-қатынасқа кедергі келтіретін әрекеттерді жою, қарым-қатынасты реттеу





9 класс оқушыларынан тұлға типін анықтау мақтасында Дж.Голланд сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша әр оқушыға типіне байланысты бағыт-бағдар берілді.

Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны – 49

Қорытындысы:

7 оқушы – реалистік тип


5 оқушы – интеллектуалды тип

20 оқушы – әлеуметтік тип

8 оқушы – конвенционалды тип

3 оқушы – тапқыр тип

6 оқушы – әртістік тип анықталды.



ЕБҚЕ оқушылар және олардың ата-аналарымен «Жүректі жылытар мейірімділік» коуч-семинар өткізілді.

**Мақсаты:** Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы.

Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру. Ата-аналарға қолдау көрсету.

Ата-аналар баласының қасиеттерін айта отырып ізбен кіреді.



Ортада жағымды ахуал қалыптастырып, көңілді көңіл күй сыйлау мақсатында караокемен «Аяулы анашым» әні шырқалды.



« Иә », « Жоқ » тренингі



« Сыйқырлы сурет » АРТ терапия

Қағазға ыдыстағы түссіз сұйықтықпен сурет салып, кепкеннен кейін ыдыстағы сары сұйықтықпен бояды.



«Оркестор» жаттығуы. Оқушыларға әртүрлі аспаптар берілді. Музыка қосылып, сол музыканың ритімімен қолындағы аспапты қағып отырды.



Кофе брейк. (сұхбаттасу)



Педагог-психологтар:

Б.А.Дабылова

Г.К.Туребекова